

5 мамыр  
Сейсенбі,  
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru  
Kokjar\_tynpysy

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады

# ОЙЫЛ

## Құдайы Аста ысырапқа жол бермеу – уақыт талабы

«ШҰҒЫЛА» МӨДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН МӘЖІЛІСІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, ҚОҒАМДАҒЫ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕНІҢ БІРІ – ҚҰДАЙЫ АСТАРДА ЫСЫРАПҚА ЖОЛ БЕРМЕУ ТАҚЫРЫБЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ. МАҢЫЗДЫ БАСҚОСУҒА АУДАНДЫҚ МЕШІТТІҢ ИМАМЫ БАҚЖАРЫҚ ҚАЖЫ ҚЫЗЫРҰЛЫ, АРДАГЕРЛЕР ҚАУЫМЫ МЕН АҚ ЖАУЛЫҚТЫ ӘЖЕЛЕР ҚАТЫСЫП, ӨЗ ПІКІР-ЛЕРІН ОРТАҒА САЛДЫ. ЖИЫНДЫ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ БОЛАТ БАҚТЫГЕРЕЕВ АШЫП, ЖҮР-ГІЗДІ.

Мәжіліс барысында бүгінгі қоғамда жиі кездесетін өзекті мәселелердің бірі – ас беру мәдениеті, оның ішінде құдайы астарда орын алатын ысырапшылдық жайы кеңінен сөз болды.

Қатысушылар соңғы жылдары дастархан мәзірінің шектен тыс көбейіп, бәсекеге айналдып бара жатқанын атап өтіп, бұл жағдайдың халыққа, әсіресе қарапайым отбасыларға ауыртпалық түсіретінін жеткізді.

Жиында сөз алған аудандық мешіттің имамы Бақжарық Қажы Қызырұлы ислам дінінде ысырапшылдықтың құпталмайтынын, керісінше, қарапайымдылық пен қанағатшылдық басты қағида екенін түсіндіріп өтті. Имам құдайы ас беру кезінде ең бастысы – ниет пен сауап екенін, дастарханның сән-салтанаты емес, ықыластың маңыздылығын ерекше атап өтті.

Сонымен қатар, ас мәзірін шамадан тыс көбейтетін, белгілі бір тәртіпке келтіру қажеттігін жөнінде ұсыныстарын білдірді.

Ардагерлер мен ақ жаулықты әжелер де бұл мәселеге бейжай қарамай, өз ойларын ортаға салды.

Олар бұрынғы дәстүрде ас беру қарапайым әрі ысырапсыз өткенін еске алып, қазіргі таңда сол үрдісті қайта жаңғырту керектігін айтты. Үлкендер тарапынан кейінгі буынға үлгі көрсету, тәрбие беру, ұлттық салт-дәстүрді дұрыс бағытта насихаттау қажеттігі ерекше атап өтілді. Жиын барысында құдайы ас өткізудің белгілі бір тәртібін қалыптастыру, дастархан мәзірін ықшамдау, артық шығынға жол бермеу, сондай-ақ бұл бағытта түсіндіру жұмыстарын күшейту жөнінде бірқатар нақты ұсыныстар айтылды.

Қатысушылар бұл бастаманың халық арасында кеңінен қолдау табатынына сенім білдірді.

Күн тәртібінде бір мәселе қаралып, оның аясында айтылған ұсыныс-пікірлер жинақтал-



ды. Ойыл ауданы ардагерлер кеңесі, Ойыл ауданының дін қызметкерлері, Ойыл ауданының қоғамдық кеңесі, Ойыл ауданының тұрғындарының келісімімен бірлескен шешім қабылданды.

Ас беру, жаназа шығару, зират салу, жалпы марқұм болған адамдарды жөн-жоралғыға сәйкес жерлеу мәдениетін халқымыздың дәстүрі мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының өдістеріне сүйеніп, бір ізге салу аса маңызды.

Себебі, дұға, құдайы астарға жайылған аста-төк дастархан, ас беру үшін қарызға қаржы алу, түрлі деңгейдегі жиындар, жаназа мен жерлеу кезіндегі ысырапшылдық секілді түрлі шектен шығу дәстүрімізге, ата-бабаның салып көткен сара жолына қайшы келеді. Жасыратыны жоқ, өлікті жөнелтудің өзі бәсекеге айналып бара жатқаны рас. «Өлім – бардың малын шашады, жоқтың артын ашады» деген нақыл бүгінгі күнге де дәл келіп тұр.

Осы ретте ағайын-туыстарынан, марқұмды ақтық сапарға шығарып салу кезінде шариатта көрсетілмеген жөн-жоралғыларды атқаруды талап ету орынсыз. Бұл өз кезегінде ысырапқа жол беру-

мен қатар, артында қалғандарды қаржылық қиындыққа ұшыратады. Сондай-ақ, несиелі алып, ас беру дұрыс емес. Аудан тұрғындарының атынан артында қалған ағайындарға дұға мен құдайы ас өткізу, жаназа шығару кезінде артық ысырапқа жол берілмесе деген ұсыныс-тілек білдірдіміз. Сонымен қатар, зират басына зәулім ескерткіштер, сәнді қоршаулар, мүсін кеуделер тұрғызбауға үндедіміз. Аста-төк ас беру мен зәулім зират салуға кететін қаражатты өз қажеттіліктеріне артылып жатса жетім-жесірге көмектесу, ағайын-туысқа қарайласу сынды сауабы мол істерге жұмсауға шақырамыз.

Біз бүгінгі жинның ұйымдастырушылары ардагерлер кеңесінің күн тәртібіне қойылып, талқыланған, ағайынның көкейінде жүрген мәселелерді ескеріп, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың өткен жылғы Ұлттық Құрылтайда ардагерлер ұйымына ұлттық құндылықтарды сақтау жөніндегі берген тапсырмалары мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының «Құдайы аста ысырапқа жол бермеу» туралы Ережесі негізінде келесі дүниелерге:

- марқұмды жерлеуде аста-төк дастархан жаймауға;

- марқұмның қонақасын өткізуде өзінің жақын туыстары, алыстан келген қонақтармен шектелуге;

- жаназа намазы мен марқұмның жылдық асына дейінгі ас беруде, иіске шапан (орамал) және ақша таратпауға;

- жаназа намазын міндетті түрде мешіт қызметкерлері имам, молдалардың қатысуымен өткізуге;

- зәулім зираттар мен қымбат құлыптастар тұрғызбауға;

- құдайы асты жарыс сөзге айналдырмай, көңіл айтатын үш-төрт адамға сөз беріп, сөз сөйлеуді 5 минуттан асырмауға, марқұмға арналған жылдық астарда бейне баяндарды көрсетуді шектеуге, көрсетілген жағдайда мазмұны шариғатқа қайшы келмейтіндей етіп дайындауға;

- құдайы асты жұма күні жұма намазының уақытында бермеуге, рамазан айы кезінде, күндізгі уақытта ас бермеуге, оны күн батқан соң ауыз ашар ретінде өткізуге;

- қаза болғаннан бастап қырқы, жылдық асын беру кезінде бекітілген ас дастарханының мәзірін қатаң сақтауға үндедіміз!

Өр нәрсенің өз реті бар. Ас беруде, бармын деп тасымаған, жоқпын деп жасымаған жөн!

«Тумақ бар жерде, өлмек бар» демекші, бұл әрбір отбасында болатынын жағдай өкпен естен шығармайық. Жауапкершілік жүгін сезінейік! Ысыраптан сақтанайық! Үнемшіл болмайық! Мұның ең алдымен өзіміз үшін қажет екендігін ұғынайық!

Аудандағы бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағаларына, мешіт имамдарына, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарға, жергілікті жерлердегі ауылдық округтер өкілдіктермен бірлесіп осы үндеуді тұрғындар жиындарында талқылау, халық арасында оны жүзеге асыру жөнінде үгіт насихат жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,  
Ойыл селосы.

## Аудан Әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаевтың Аудан Халқың 7 Мамыр – Отан Қорғаушылар күнімен құттықтауы



Қадірменді жерлестер!

Баршаңызды Отан қорғаушылар күні мерекесімен құттықтаймын! Отаншылдық рухы қай заманда да қазақ халқының бойындағы айрықша қасиет. Сондықтан да, бұл күн қайсар мінезді ата-бабамыздың жауынгерлік дәстүрінің заңды жалғасын тапқан күні деп есептейміз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ әскерінің озық дәстүрлері туған жерін ерліктен қорғаған ата-бабаларымыздың ерлігінің, сондай-ақ, Ұлы Отан соғысына қатысушылардың теңдессіз ерліктерінің заңды жалғасы болып табылады», - деген болатын.

Қазірде көк аспан түстес байрағымыздың түбінде тұрып, шекарамызды күзетіп жүрген айбынды әскерлеріміз жауынгер ұрпақтың ерлік дәстүрін лайықты жалғастырып, Антына адал қызмет атқаруда.

Біздің Қарулы Күштеріміз әрқашан қазақстандықтардың басты құндылықтары – бейбітшілікті, бірлікті, келісім мен тұрақтылықты, мемлекетіміздің аумақтық тұтастығы мен егемендігін сақтаудың кепілі болып келеді. Қазіргі еліміздің әскери жауынгерлік дайындықтың, жабдықталу мен ұтқырлықтың жоғары деңгейіне жетіп, кез-келген сыртқы қауіпке қарсы мықты қалқанға айналды.

Ардақты ағайын!

Еліміздің шекарасының берік, халқының бейбіт болуында өз міндетін әуе кеңістігінде, құрлықта, теңізде, шекарада адалдықпен қызмет атқарып келген және қазір әскери борышын өтеп жүрген жерлес сарбаздарға алғысымды білдіремін!

Егемен еліміздің мұрат-мүддесі жолындағы елдік істеріңізге сәттілік, өздеріңізге мықты денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке, амандық тілеймін.

Тәуелсіздігіміз бен тыныштығымызды, қауіпсіздігіміз бен бейбітшілігімізді қас қақпай күзетіп, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін!

Тәуелсіздігіміздің тұғыры нық, ғұмыры мәңгі болсын!

Мереке құтты болсын!

Ізгі ниетпен, аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

## Аудан Әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаевтың Аудан Халқың Жеңіс күнімен құттықтауы



Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді бүкіл адамзат қауымына аса қымбат мереке 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ұлы Жеңіс – аға ұрпақтың ерлігін мәңгілік ел есінде сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Баршамыз үшін бұл күннің орны да, орайы да бөлек.

Біздің аталарымыз сұрапыл соғыстың соқпағынан өтіп, Отан деп от пен суға түсіп, кең байтақ жерді қорғады. Ерліктің ерен үлгісін танытып, бүгінгі бейбіт күн үшін жасаған өлшеусіз ерліктері мәңгі ұмытылмайды. Бұл Жеңіс – бүгінде аразымыз санаулы қалған бүкіл тыл еңбеккерлерінің қажымас қайраты мен қайсар рухының жеңісі.

Міне, содан бері талай ұрпақ жаңғырып, заман жаңарды. Өйтсе де, сол бір сұм соғыс салған өшпес із әлі күнге дейін жүрегімізді сыздатады, жанымызды жабырқатады... Қасирет пен қайғысы ел қабырғасын қайыстырып, еңсесін езілген бұл соғыс жайлы айтып та, жазып та тауыса алмаспыз.

Егемен елі бар да ерлер есімі ешқашанда өшпейді. Біздің ауданымызда да ардагерлердің есімдері мен ерліктерін ел жадында қалдыру мақсатында көптеген істер атқарылуда. Бізге бүгінгі бейбіт өмірді сыйлаған жерлестеріміздің есімдері мен ерліктері ешқашан ұмытылмайды. «Отан үшін күрес, елге тиген үлес» дейді дана халқымыз. Отанға деген махаббат, жеңіске деген құштарлық пен қуатты рух, достық пен ынтымақ – Ұлы Жеңістің негізі болды.

Ардақты, тыл еңбеккерлері!

Бүгінгі өскелең ұрпақты береке-бірлікке, тату-тәтті тірлікке тәрбиелеу ісіне белсенді атсалысып ортамызда аман-есен жүре беріңіздер. Сіздер жасаған ерлік ешқашан өшпейді. Ол ұрпақтар есінде мәңгі сақталды.

Қадірлі аудан тұрғындары!

Осынау, Ұлы жеңіс күні – Сіздерге зор денсаулық, балаларыңыз бен немерелеріңізге жарқын болашақ, еліміз бен жерімізге бейбіт өмір тілеймін.

Ізгі ниетпен, аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

## ТАҒАЙЫНДАУ

Ойыл ауданы ӘКІМІНІҢ 2026 ЖЫЛҒЫ 29 СӘУІРДЕГІ № 329 ӘКІМІМЕН ЖЕТКІЗГЕНОВ ӨСЕТ ТІЛЕУҚАБАҚҰЛЫ АУДАН ӘКІМІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛА ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ ЛАУАЗЫМЫНА ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.



Өсет Жеткізгенов 1981 жылы Байғанин ауданы Жарлы ауылында дүниеге келген.

Білімі жоғары. Алматы гуманитарлық-экономикалық университетін экономист мамандығы бойынша, Қазақ-Орыс Халықаралық университетін құқықтану мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын Байғанин аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы, Байғанин аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы, Байғанин аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы, Байғанин ауданы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарған.

Осы қызметке тағайындалғанға дейін Ақтөбе облысы ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары лауазымын атқарып келді.

## ОЙЫЛ Өңірінде Экспедиция барысында құнды жәдігер анықталды

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ, ОЙЫЛ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ САРБИЕ АУЫЛЫНА ЖАСАЛҒАН ЭКСПЕДИЦИЯ КЕЗІНДЕ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ ЗОР ЕРЕКШЕ ЖӘДІГЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ ҰСЫНЫЛДЫ. БҰЛ ЖӘДІГЕР ЕЛГЕ БЕЛГІЛІ ШЫНТАЙ АТА ӘУЛИЕ ҚОРЫМЫНДА САҚТАЛҒАН.



Қорым аумағында Шынтай атаның бейіті басына қойылған көне тас бар.

Тастың бетіне қошқар мүйіз оюы, қошқардың мұрны мен аузына ұқсас бейнелер қашалып салынған. Мамандардың пайымдауынша, бұл тас Ақмола облысы, Жарқайың ауданынан табылған көне құрбандық тастарға ұқсас.

Археологтардың бұрынғы зерттеулерінде мұндай тастар сармат-сақ дәуіріне тиесілі екені айтылған.

Сондай-ақ, олар жерлеу ғұрпында, әсіресе әйел адамдарды жерлеу кезінде қолданылған деген болжам бар. Алдын ала мәлімет бойынша, бұл жәдігердің мерзімі б.з.д. II–III ғасырларға сәйкес келуі мүмкін.

Жергілікті тұрғындардың айтуынша, Шынтай әулие көзі тірісінде:

«Басыма ағаш екендер, осындай тас табылады, соны әкеліп қойыңдар», – деп өсиет қалдырған екен. Кейін дәл сондай тас табылып, әулие басына орнатылған. Бұл тастың табылғанына шамамен 40 жылға жуық уақыт өткен.

Шынтай әулиенің ұрпағы Жалғас есімді азаматтың айтуынша, ол 1985 жылы небәрі бес жасында қорым маңынан осы тасты тауып алып, бейіт басына қойған. Айта кетерлігі, бір кездері белгісіз біреулер тасты ұрлап екеткен. Алайда арада уақыт өткен соң жәдігер қайтадан өз орнына әкелініп қойылған.

**2026 ЖЫЛЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВТЫҢ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДЕРІНІҢ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕРІН ӨТКІЗУ КЕСТЕСІ (ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ОНЛАЙН-ТРАНСЛЯЦИЯМЕН)**

№ т/б	Әкімінің Т.А.Ә.	Лауазымы	Елді мекеннің атауы, орны	Кездесулерді өткізу күні
<b>I жартыжылдығына</b>				
1	Қазыбаев А.Қ. Кереев Ә.С.	Ойыл ауданының әкімі Сарбие а/о әкімі	Сарбие а/о, Қаракөл ауылы, мектеп ғимараты, Абай көшесі, 10	13.05.2026 ж., сағ. 09.00
2	Қазыбаев А.Қ. Кереев Ә.С.	Ойыл ауданының әкімі Сарбие а/о әкімі	Сарбие а/о, Сарбие ауылы, клуб ғимараты, Жастар көшесі, 13	13.05.2026 ж., сағ. 11.00
3	Қазыбаев А.Қ. Майқанов А.С.	Ойыл ауданының әкімі Қараой а/о әкімі	Қараой а/о, Қараой ауылы, клуб ғимараты, Еңбеккерлер көшесі, 2	13.05.2026 ж., сағ. 14.00
4	Қазыбаев А.Қ. Майқанов А.С.	Ойыл ауданының әкімі Қараой а/о әкімі	Қараой а/о, Құбасай ауылы, мектеп ғимараты, Қызылқорған көшесі, 7	13.05.2026 ж., сағ. 16.00
5	Қазыбаев А.Қ. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Шұбарши ауылы, клуб ғимараты, Желтоқсан көшесі, 19	15.05.2026 ж., сағ. 09.00
6	Қазыбаев А.Қ. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Көптоғай ауылы, клуб ғимараты, Қазақстан көшесі, 18	15.05.2026 ж., сағ. 11.00
7	Қазыбаев А.Қ. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Қарасу ауылы, клуб ғимараты, Алашорда көшесі, 7	15.05.2026 ж., сағ. 14.00
8	Қазыбаев А.Қ. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Аманкелді ауылы, клуб ғимараты, Астана көшесі, 19	15.05.2026 ж., сағ. 16.00
9	Қазыбаев А.Қ. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Бестамақ ауылы, клуб ғимараты, Тайсойған көшесі, 6	20.05.2026 ж., сағ. 09.00
10	Қазыбаев А.Қ. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Ақкемер ауылы, клуб ғимараты, Жеткімешек көшесі, 9	20.05.2026 ж., сағ. 11.00
11	Қазыбаев А.Қ. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Кемер ауылы, әкімдік ғимараты, Қазақстан көшесі, 11	20.05.2026 ж., сағ. 14.00
12	Қазыбаев А.Қ. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Шикүдық ауылы, клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 18	20.05.2026 ж., сағ. 16.00
13	Қазыбаев А.Қ. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Қоңырат ауылы, фельдшерлік пункт ғимараты, Ойыл көшесі, 1	20.05.2026 ж., сағ. 18.00
14	Қазыбаев А.Қ. Бисебаев Д.Қ.	Ойыл ауданының әкімі Қайыңды а/о әкімі	Қайыңды а/о, Ақсар ауылы, клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 4	22.05.2026 ж., сағ. 09.00
15	Қазыбаев А.Қ. Бисебаев Д.Қ.	Ойыл ауданының әкімі Қайыңды а/о әкімі	Қайыңды а/о, Көсембай ауылы, клуб ғимараты, Орталық көшесі, 10	22.05.2026 ж., сағ. 11.00
16	Қазыбаев А.Қ. Избасов Ә.Ж.	Ойыл ауданының әкімі Берсиев а/о әкімі	Ш.Берсиев а/о, Қарасу ауылы, мектеп ғимараты, Ахмет Жұбанов көшесі, 5	26.05.2026 ж., сағ. 09.00
17	Қазыбаев А.Қ. Избасов Ә.Ж.	Ойыл ауданының әкімі Берсиев а/о әкімі	Ш.Берсиев а/о, Қаратал ауылы, мектеп ғимараты, Жүсіблиев көшесі, 2	26.05.2026 ж., сағ. 11.00
18	Қазыбаев А.Қ. Избасов Ә.Ж.	Ойыл ауданының әкімі Берсиев а/о әкімі	Ш.Берсиев а/о, Құмжарған ауылы, клуб ғимараты, Бекет ата көшесі, 23	26.05.2026 ж., сағ. 15.00
19	Қазыбаев А.Қ. Сағынғалиев Р.Т.	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыл а/о, Қаракөмер ауылы, клуб ғимараты, Ынтымақтастық көшесі, 1	29.05.2026 ж., сағ. 09.00
20	Қазыбаев А.Қ. Сағынғалиев Р.Т.	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыл а/о, Ақшатау ауылы, мектеп ғимараты, Аққол көшесі, 1	29.05.2026 ж., сағ. 11.00
21	Қазыбаев А.Қ. Сағынғалиев Р.Т.	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыл а/о, Ойыл ауылы, аудандық мәдениет үйі ғимараты, Көкжар көшесі, 68	29.05.2026 ж., сағ. 15.00

ЕСКЕРТУ: ӨР КЕЗДЕСУДЕН KEЙІН АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ЖҮРГІЗІЛЕДІ.

**«ЦИФРЛЫҚ РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕР: EGOV-ҚА 20 ЖЫЛ» ДЕРЕКТІ ФИЛЬМІ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛЫ «ХАБАР» АГЕНТТІГІ АҚ «ҰАТ» АҚ КОМАНДАСЫМЕН БІРЛЕСІП «ЦИФРЛЫҚ РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕР: EGOV-ҚА 20 ЖЫЛ» АТТЫ ДЕРЕКТІ ФИЛЬМДІ ҰСЫНДЫ. ТУЫНДЫ ТӨУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НЕГІЗГІ ЦИФРЛЫҚ БАСТАМАЛАРДЫҢ БІРІ – ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІНЕ АРНАЛҒАН.**



Фильм миллиондаған қазақстандықтың өмірін өзгерткен үдерісті баяндайды. Қазір мемлекеттік қызметтерді бірнеше батырманы басу арқылы алу үйреншікті жағдайға айналды. Ал бұдан жиырма жыл бұрын кез келген анықтаманы алу ұзақ кезек күтіп, қағазбастылыққа тап болумен және түрлі мекемелерді аралаумен байланысты еді. Картина көрерменді 2000 жылдардың басына – электрондық үкімет идеясы енді ғана қалыптасқан кезеңге жетелейді. Сол уақытта IT мамандары, экономистер мен мемлекеттік басқару саласының өкілдерінен құралған шағын топ үлкен міндетті мойнына алды. Олар мемлекет пен азамат арасындағы өзара іс-қимылды жаңа деңгейге көтеруді мақсат етті. Фильмде алғаш рет осы үдерістің тікелей қатысушылары өз тәжірибесімен бөліседі. Олар 2003 жылы eGov тұжырымдамасының қалай әзір-

ленгенін, 2006 жылы eGov.kz порталының іске қосылуы нәтижесінде «ғарышқа ұшумен» теңестіргенін, қандай технологиялық әрі құқықтық қиындықтар туындағанын, деректер қорынан бастап электрондық үкімет шлюзінде дейінгі инфрақұрылымның қалай қалыптасқанын, сондай-ақ Қазақстанның БҰҰ рейтингінде онлайн қызметтер деңгейі бойынша алдыңғы қатарға шығуына не әсер еткенін баяндайды. Фильм кейіпкерлері – елдің цифрлық трансформациясына үлес қосқан тұлғалар. Олардың қатарында Қуанышбек Есекеев, Сәкен Сарсенов, Бағдат Мусин, Асқар Жумағалиев, Азиза Шужеева және басқа да сала өкілдері бар. «Өте мазмұнды жұмыс топтары құрылды. Олардың жұмысына IT саласының түрлі өкілдері қатысты. Сол жерде ақпарат алмасу стандарттарынан бастап, жүйенің жұмыс істеу қағидаттарына дейінгі

негізгі шешімдер қабылданды», – Қуанышбек Есекеев. «Бұл мемлекет деңгейінде жүзеге асқан ауқымды стартап болды. Біз жаңа технологияларды батыл сынап көрдік, қателесуден қорықпадық және дайын шешімдер болмаған жағдайда да ізденісті тоқтатпадық», – Виктор Абрамов. «Пандемия eGov үшін үлкен сынақ болды. Дәл осы кезеңде жүйе өзінің тұрақтылығы мен тиімділігін көрсетті», – Әсет Тұрысов. «Бүгінгі жетістіктер – көпжылдық еңбектің, батыл шешімдердің және үлкен команданың үйлесімді жұмысының нәтижесі», – Жаслан Мәдиев. Жиырма жыл ішінде eGov қарапайым ақпараттық порталдан мемлекеттік қызметтердің толыққанды цифрлық экосистемесіне айналды. Бүгінде ол тек қызмет көрсету алаңы ғана емес, азаматтардың күнделікті өмірінің маңызды бөлігіне айналды. Бұл өзгерістердің ауқымын бір жылдың көрсет-

кіштері де айқын көрсетеді: 2025 жылы 51 миллионнан астам мемлекеттік қызмет онлайн форматта ұсынылды, оның жартысына жуығы смартфон арқылы алынған. Қазіргі таңда мемлекеттік қызметтердің 90 пайыздан астамы цифрлық форматта қолжетімді. Фильм eGov-тың тек технологиялық жоба емес, ең алдымен адамдардың еңбегі екендігінің көрсеткіші. Жүйені нәлден бастап қалыптастырған мыңдаған маман дайын шешімдерсіз жұмыс істеп, тәжірибе жасап, қателіктерден сабақ алып, нәтижесінде өңірдегі ең дамыған цифрлық мемлекеттік платформалардың бірі құрды. «Цифрлық революционерлер: eGov-қа 20 жыл» – бұл батыл бастамалар, идеяға деген сенім және тұтас елдің жаңғыруы туралы фильм. **Анар МАГЗУМОВА, «ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.**

**«Е-ӨТІНІШ» ЖҮЙЕСІНЕ 5 ЖЫЛ: ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМА МЕМЛЕКЕТ ПЕН АЗАМАТТАР АРАСЫНДАҒЫ ДИАЛОГТЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТТІ?**

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының негізгі құралына айналған «е - Өтініш» платформасының жұмыс істеп жатқанына 5 жыл толды. Осы уақыт ішінде ол өтініш беру процесін жеңілдетіп қана қоймай, мемлекет пен азаматтардың өзара іс-қимыл форматын түбегейлі өзгертті. 2025 жылдың қорытындысы бойынша жүйе арқылы 5 миллионнан астам өтініш берілді. Бұл көрсеткіш сервистің танымалдылығын ғана емес, сонымен қатар азаматтар мен бизнес өкілдерінің кері байланыстың цифрлық құралдарына деген сенімін көрсетеді. 2021 жылғы 1 шілдеде іске қосылған сәттен бастап «е-Өтініш» барлық өтініш беру арналарын біріктіріп, біртұтас экосистемеге айналды. Пайдаланушылар сұраныстар мен шағымдар жіберіп қана қоймай, өтініш мәртебесін онлайн бақылап, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тарихын көре алады және жауап сапасын бағалай алады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес енгізілген eOtinish.kz жүйесі және 2020 жылы қабылданған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс өтініштермен жұмыс істеу тәсілін формальды қараудан клиентке бағдарланған форматқа ауыстырды. «Бүгінде "е-Өтініш" - бұл жүйе ғана сервис емес, мемлекет пен азаматтар арасындағы толыққанды диалог арнасы. Біз халық тарапынан жоғары сенімді көріп отырмыз және платформаны одан ары ыңғайлы әрі интеллектуалды ете түсудеміз. Соның ішінде, өтініштерді өңдеуді жеделдету және аналитика сапасын арттыру үшін ЖИ - агенттерді енгізу бойынша жұмыс істеп жатырмыз», - деп атап өтті Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Ростислав Коняшкин.

**БЕС ЖЫЛ ІШІНДЕГІ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕР:**

- \* 2021 ж. - Біріңғай жүйені іске қосу;
  - \* 2022 ж. - ХҚКО-ларды қосу және eGov Mobile-да іске қосу;
  - \* 2023 ж. - Азаматтарды қабылдау орталықтарын ашу;
  - \* 2024 ж. - Электрондық петициялар механизмін енгізу;
  - \* 2025 ж. - Пилоттық ЖИ-шешімдер мен Бірыңғай білім базасын енгізу.
- Бүгінде жүйеге 26 мыңнан астам ұйым қосылған, ал өтініштерді өңдеуге 380 мыңнан астам қызметкер жұмылдырылған. Өтініш берушілер саны 3,2 млн адамға жетті. Платформа жұмыс істеген уақыт ішінде барлығы 16,2 млн-нан астам өтініш өңделді. Пайдаланушылар санының жыл сайынғы өсімі орта есеппен 42,6%-ды құрайды. Айта кетту керек, жүйедегі шағымдардың үлесі төмен деңгейде, яғни 5-7% құрайды дегенмен, өтініштердің негізгі бөлігі сұраным үлесінде, бұл азаматтардың жүйеге деген сенімдері мен сұранысының бар екенін дәлелдейді. 2025 жылы платформа арқылы азаматтардан 4 млн-нан астам, ал бизнестен 1 млн-ға жуық өтініш түсті. Қазақстандықтар көбіне тұрғын үй коммуналды шаруашылығының, әлеуметтік қорғау, білім беру, жер қатынастары, қауіпсіздік пен құқық қорғау мәселелері бойынша жүгінеді. Өтінішті eOtinish.kz сайты, eGov.kz порталы, eGov Mobile қосымшасы, сондай-ақ ХҚКО-лар мен «Нәтиже» орталықтарында беруге болады. Таяу арада ЖИ негізіндегі аналитикалық құралдарды дамыту және мемлекеттік қызметтердің сапасын одан ары арттыру жоспарлануда.

**5 ЖЫЛ «Е-ӨТІНІШ»: КАК ЦИФРОВАЯ ПЛАТФОРМА ИЗМЕНИЛА ДИАЛОГ ГОСУДАРСТВА И ГРАЖДАН?**

Платформа e-Ötinish, ставшая ключевым инструментом концепции «Слышащего государства», отмечает 5 лет работы. За это время она не просто упростила подачу обращений, а фактически изменила формат взаимодействия граждан и государства, сделав его более прозрачным, удобным и подотчетным. По итогам 2025 года через систему подано более 5 млн обращений. Такой показатель отражает не только рост популярности сервиса, но и доверие со стороны граждан и бизнеса к цифровым инструментам обратной связи. С момента запуска 1 июля 2021 года «е-Өтініш» объединил разрозненные каналы подачи обращений в единую экосистему. Если раньше каждый государственный орган работал по своим правилам, сегодня все процессы - от подачи до контроля исполнения, выстроены в едином цифровом контуре. Пользователи могут подавать запросы, предложения, жалобы, а также онлайн отслеживать статус обращения, видеть историю взаимодействия с госорганами и оценивать качество ответов. Внедрение Концепции «Слышащего государства» с переходом на новый формат рассмотрения обращений привело к масштабной работе по внедрению новой информационной системы «е-Обращение» - eOtinish.kz, в соответствии с поручением Главы государства, озвученным на расширенном заседании Правительства. Следующим шагом стало внедрение Административно-процессуального процедурного кодекса от 29 июня 2020 года № 350-VI, который изменил сам подход к работе с обращениями. Это позволило перейти от формального рассмотрения заявлений к более клиентоориентированному подходу. «Сегодня е - Өтініш - это не просто сервис, а полноценный канал диалога между государством и гражданами. Мы видим высокий уровень доверия и продолжаем развивать платформу, делая ее более удобной и интеллектуальной. В частности, работаем над внедрением AI - агенты для ускорения обработки обращений и повышения качества аналитики», - отметил вице-министр искусственного интеллекта и цифрового развития РК Ростислав Коняшкин.

**ЗА ПЯТЬ ЛЕТ «Е - ӨТІНІШ» ПРОШЕЛ ПУТЬ ОТ БАЗОВОГО СЕРВИСА ДО МАСШТАБНОЙ ЦИФРОВОЙ ПЛАТФОРМЫ:**

- 2021 г. - запуск и формирование единой системы обращений;
  - 2022 г. - расширение каналов приема: подключение ЦОНов, «Қазпочты», запуск в eGov Mobile;
  - 2023 г. - запуск Центров приема граждан и развитие офлайн-взаимодействия;
  - 2024 г. - внедрение механизма электронных петиций;
  - 2025 г. - запуск пилотных AI-решений и внедрение Единой базы знаний.
- Сегодня к системе подключено более 26 тысяч организаций, а в обработке обращений задействовано свыше 380 тысяч сотрудников. Число заявителей достигло 3,2 млн, из них около 3 млн это физические лица. Всего за время работы платформы обработано более 16,2 млн обращений. При этом ежегодный рост числа пользователей в среднем составляет 42,6%. Стоит отметить, что доля жалоб в системе остается на низком уровне и составляет лишь порядка 5-7%, при этом основная часть обращений носит характер запросов, что свидетельствует о высоком уровне доверия граждан к системе и ее востребованности. В 2025 году через платформу поступило более 4 млн обращений от граждан и около 1 млн от бизнеса, что на 1 млн больше по сравнению с предыдущим годом. Чаще всего казахстанцы обращаются по вопросам ЖКХ, социальной защиты, образования, земельных отношений, безопасности и правосудия. Подать обращение можно через сайт eOtinish.kz, портал eGov.kz, мобильное приложение eGov Mobile, а также в ЦОНах и центрах «Нәтиже». В ближайших планах развитие инструментов аналитики на базе искусственного интеллекта, обновление Единой базы знаний и дальнейшего расширения функционала платформы. Это позволит еще быстрее реагировать на запросы граждан и повышать качество государственных услуг.

# АШЫҚБАЕВТЫҢ АҚТАЛУЫ

«...Сіз мінген нар –  
Ірі нар:  
Көз болғанда көшке суық ұрынар –  
Көрөнді тастамас,  
Көрі қарай бұрылар;  
Аязында қаңтардың  
Дем-буына қалың қазақ жылынар»

## «ҚОБЫЛАНДЫНЫҢ ҚОНЫСЫНАН»

Ақынға – бәрі таныс. Ақынға – бәрі таңсық. Адам жаралғалы бері танып, біліп, атап келе жатқан құбылыстар, сезімдер, тіпті, мына әлемнің әр бөлшегі ақынға жаңалық болып көрінеді. Табиғаттың әр маусымы, әр маусымның түрлі мінезі, Адам Ата зауатының болмысы осы күнге дейін қанша ақынның жүрегі толқытып, қанша ақынның қаламынан жыр болып төгілді деңіз. Ешбір ақын қысты, я жазды, асыл махаббатты, қатал сатқындықты маған дейін бәрі жазды ғой деп, жазбай қалған жоқ. Өйткені «поэзия – таным». Әр ақын өзінше сөзеді, өзінше таниды. Сосын соған ат берген сияқты өлеңін жазды.

Өлеңге қатысты осы тұжырым (поэзия – таным) Вильгельм фон Гумбольдт мектебінің поэтикалық шығармашылық пен тілдік шығармашылықтың ұқсастығын салыстыру негізінде ашылды. Тілдің пайда болуы – танымның жемісі. Әр нәрсенің атауы – танудың әдісі. Ең алғашқы атаулар көру, сипау арқылы ретсіз жүйеден бөлініп, пайда болса, одан кейінгі процесс, «жаңа, беймәлім нәрсені бұрыннан танылған, белгілі, нәрселер арқылы түсіндіруден тұрады» (Александр Горнфельдтің пайымы) екен. Ақын да бұрыннан жырланып келе жатқан тақырыптарды өзі сезген, таныған, байыптаған деңгейде қайта жырлайды. Белгілі белгісіздікті жүрегі, тілі арқылы жаңа процестен өткізеді. В. Брюсовтің: «Поэзия – таным актісі; дөке, өнердің түпкі мақсаты ғылыммен бірдей – таным» дейтіні сол.

Өлең жазу – ақынның сезімін, уайымын, алаңын, аңсарын таныстырудың әдісі. Адамзатқа ежелден таныс болса да, оқырман поэтикалық қуат арқылы бар нәрсені жаңаша тануға болады екен деп тағы бір таңырқап, қол соғады. Оқырман оның процесіне, түп мағынасына көп мән бермеуі мүмкін.

Қағаз бетіне түскен шумақтарды өлең деп атағанымызбен, оның туу себебі ақын жанының дерті, көңілінің алаңы, шаттығы, қуанышы, өкініші. Бұндайда өлең жәй өлең болудан қалады. Өлең – дерт деуші еді ғой, мен өлеңді ем деп атар едім. Ақын жүрегіне түскен бар салмақтан өлең жазу арқылы құтылады. Жеңілдейді. Сол себепті Баратынский: «ауру жанды жыр емдейді», сондықтан Лермонтов: «сананы толқытқан уайымнан өлең арқылы құтылуға болады» депті.

Өлең – ақын үшін ақиқатты танудың бір жолы. Әр ақын өз өлеңіндегі пайымның бұлжымас ақиқат екеніне сенеді. Осы сенім бүгін біз оқып жүрген өлеңдердің жазылуына себеп болатын күш. Адам өзін өзі тани алмайды деген тоқтам айтылады. «Алдымен өзіңді таны» дейді тағы. Осы үрдіс бар кезде – өлең де бар. Өлең жазу, өлең оқу – өзіңді танудың бір жолы.

Біз сондықтан да поэзияға құштармыз. Себебі содан өзімізді көреміз. Әрқайсымызға таныс сезім, кейіс, реніш, алды белгісіз бұлдыр болашақ сонда – өлеңде! Өртүрлі ақынды оқыған сайын жанымызды әртүрлі айнаға қаратқандай боламыз. Біздің әлпетімізді көрсететіндей жанымыздың да бейнесін көрсететін айна болса, ол – өлең. Бірақ «ақыл мен хауас барлығын, білмейді жүрек сездерү». Сол үшін де өлең – биік, аяулы.

Өз басым бұрынғы өткен замандас қаламгерлердің бәрі бірімен тығыз араласқан, болмағанда жақсы таныс болған деп ойлайтынмын. Балаң ой ғой. Өуезовпен бір заманда ғұмыр көшіп, араласпағандар бар. Абай да өз заманында түгел қазақ даласын айтпағанда шығыстағы талай дүлдүлмен кездеспеді. Өзінен он шақты жас үлкендігі бар дауылдаз Кемпірбаймен жолықты дегенді оқымаппын. Жәй, мысал үшін айттам. (Өлде бүгінгі қаламгерлердің қарым-қатынасынан кейін ойладым ба екен?...)

Енді, өлеңнен өзімізді көреміз дедік қой. Ақын Ертай Ашықбаевтың Темірхан Медетбекке арнаған өлеңін оқып, мен де Ертай ағама сол сөзді айтар едім деп ойлайдым. ...Бір кезеңде ғұмыр көшіп келеміз. Бірақ соншалықты араласып кеткен де, я жатырқап тұратын да сәтіміз жоқ сияқты. Жер шалғайлығына байланысты ақынға жуық жүре алмаған болармыз. Бірақ Ертай Ашықбаевқа белгісіз бір жақындық тартып тұрады.

Жолықтырады бізді, беу, анда-санда  
Жылы көктем немесе қату күз.  
Сонда сіз ештеңе бермесеңіз де, мен алмасам да,  
Біршама татумыз.

Мейлі, су кешеміз бе, өлде қар басамыз ба?..  
Әр кездесу – қимас аңыз.  
Мен ештеңе бермесем де, сіз алмасаңыз да,  
Кәдімгідей сыйласамыз.

Осы «біршама татулығымыз», «кәдімгідей сыйластығымыз» – айтылмаған дүние. Бірақ іштегі сезім осы. Әрине, араз болатын да, сыйласпайтын да жөніміз жоқ. Біз көп кейін туған баламыз ғой. Сыйламайтындай кімбіз, сыйласпайтындай кімбіз? Шанда бір кездесіп, сирек бір телефон арқылы тілдескеніміз болмаса, ешқандай байланысымыз жоқ.

Бірақ неге-дүр, алдымыздағы ағаларымыздың ішінде көңіліміздегі аса қадірлі, құрметтілердің қатарына ақын Ертай Ашықбаев даусыз жайғасыпты.

Белгісіз жақындық, айтылмаған «туыстық» сезімімді ағам жетпіске келеді дегенді естігенде іркігім келген жоқ. Себебі «Көк түріктер сарынын» оқыған соң Ашықбаевты билеген сезім, «Өскерден келген студентті» оқығанда Арықбаевты (менің тегім) да биледі.

Бұл – бұрын да оқыған кітабым. «Дәйім тілектес көңілмен Ертай ағаң» деп ұсынған көңілі ме екен жақындатқан? Одан да өзге себебі бар сияқты ішімде. Оны кейін өзіме айтармын. Ал біз «Қазақ әдебиетінде» қызмет істеп жүрген жылдары ақын Ертай Ашықбаевтың қаламынан туған әдеби портреттері сол кездегі біздің де әдеби танымның қалыптасуына сөзсіз әсер еткен мәнді дүниелер еді. Бізді әдебиетші Ертайға ынтық қылған – сол мақалалары.

Ақын Ашықбаевтың өлеңдерін іздеп оқуымыздың себебі де солар.

Алғаш көргенде құлағымызға тиген жұмсақ даусы, жылы алақанының мейірім төккендей майса шуағы, көп ақынға ұқсамайтын, менмендігі жоқ бейбіт назары көңілімізде мызғымастай бекініп алыпты. Жарқ-жүркі етіп эфирлерге шықпайды. Саңқ-саңқ етіп, әр жерде сұхбат беріп, өлең оқымайды. Бірақ о кісінің көзінен әдеби үрдіс таса қалмайтындай. Сөз өнеріне қатысты газет бетіндегі талқылар, рецензиялар, әйбат өлеңдер, әлдебір жақсы мақалалар Ертай аға үшін оқулы тиіс дүниелердей. Әдебиетке деген махаббатты, жас кездегі адалдықты осы уақытқа

дейін ұстап тұру сирек кездесетін қасиет деп ойлаймын. Ақынның өлеңдерін оқып отырып, (қандай тақырыпта болса да) – өзіне соқпай кететіні сирек сияқты. Өзін төменшік ұстап, өзгені көтермелеп, мерейін тасытып отыру ақын Ашықбаевтың әркез тілектес таза көңілін аңғартардай. Кейде, тіпті, өзіне ирониямен қарайды. Айналасына өкпелеуді білмейтіндей, барлық нәрсенің себебін тек өз басынан іздейтіндей. Өлеңге көңілі толмаса да – өзінен көреді, әдеби үрдіс баяуласа да – өз ішіне үңіледі, жарық әлемде әлдеқандай қиянат, әділетсіздік орын алып жатса да – тағы өзін кінәлі сезінеді. Тіпті, олай болмаған күннің өзінде – біреуді жазғыруды білмейді. Өз мұңы – өзінде, өз әлемінің ішінде.

\*\*\*

Жиналыста көбесиді көңілім,  
Маған назараудармайды көп інім.  
...Жарыссөзде айта салар ерлігі  
Емге де жоқ, ай-хай, менің өмірім.

\*\*\*

Мен деген –  
Үнсіз ғаламмын,  
Қоштасқан дүрмектеріммен.  
О, не деп тұрсыз маған, Мұң,  
Не істеуге міндетті едім мен?

\*\*\*

...Өлең дейтінбіреу тұр,  
Кейісе де,  
Топ ішінен тек мені айтпаған,  
Топ ішінен тек мені айтпаған.  
...Менің осы бітпейтін бақытымды  
Өтесің-ау түсінбей, қайран Адам!..

Ашықбаев ғаламына кіру үшін өлеңдерін оқимыз. Мұңын, сырын, сол өзіне деген ирониясын түсінгіміз келеді. Синтетикалық пайымдаулары шебер жетілген ақынның тұтас шығармашылық поэтикасының табиғатын танығанда барып, ғаламы қақпасын ашатындай. Оның тармақтарынан, шумақтарынан сіз жұртта жоқ теңеулерді, метафораны кездестіреуіңіз мүмкін. Мына өлеңнің өзіндей қарапайым, нәзік. Бірақ сол қарапайым деп біз мән бермейтін дүниелердің сырларына Ертай Ашықбаев қанық. Ақынның шығармашылық, тақырыптық ізденісі – қабілетті мүмкіндігінше пайдаланудан тұрады. Кейде саналы түрде формалық, мазмұндық барлаулары тоқыраудан қорыққан ақынның жауапкершілік сезімі сияқты. «Сантехник Алпамыс», «Фототіпші Хайреден», «Сәбит Мұқанов және Қарсақпай», «Өтебай Қанахин. «Жер басып жүрсем». Повесть», «Сөкен Сейфуллин. XX ғасыр» сияқты тағы сондай көп өлеңдері ұдайы ізденістен, басқа қаламгер аңдаған оймен жарысып, мен де ұмытылп көрейін дейтін ақындық тағатысздықтан туатын сияқты. (Ақынның балаларға арналған «Туған күн» кітабындағы ізденістері бөлек бір мақалаға арқау болатын олжа).

Ашықбаев танымнан туған поэтикалық пайымдарға көз тоқтатқан сайын оның шығармашылығындағы тақырыптарды айқын көресіз. Қала өмірі, сағыныш, бардың қадірін білу сияқты адами сезімдерді өлең арқылы тұжырымдап, өлең арқылы ойландырған сайын осы адам атаулының ортақ қайғысы, жеткісі келетін ортақ мұраты, әлеуметтік психологиясы біздің назарымыздан қалайша қиыс кеткен дегізеді. Оның өлеңдеріндегі уақытты тануы өкініштен гөрі қайта бір көңілданудан тұратындай. Сүрген өмір, өткен дәурен адамның көңілінде ғана із тастап ағатыны – пенденің өткенмен емес, ертеңмен өмір сүретінінен шығар. Жылжыған жылдардың Жарасқан айтқандай, адамның өн бойындағы «қыртис-қырын үтіктеп, жатқызғаны» болмаса, есте қалмағы қиын екен. Тағдырдың маңдайға жазған елеулі сәттері ылғи бола бермейтіні түсінікті ғой. Бірақ тұтас бір кезеңдер (балалық, оқушылық, студенттік) бейне ешқашан өтпегендей болатыны жаратылыстың бір сыры ме екен?.. Бұл бүгін бізді, я Ертай ақынды ғана емес, «болмағандай жұрмегендей сен де, біз» деген Мұқағали сезімімен астасқан адам баласының қашаннан бергі гөй-гөй болса керек-ті.

...Сондағы нұр өлі де сөнбегендей,  
Сондағы гүл өлі де солмағандай,  
Сонда да... көрген қызық көрмегендей,  
Сонда да... болған қызық болмағандай,  
Құсымыз еш айдына қонбағандай,  
Заманы өтіп кеткен формалардай  
Қалдық-ау көп қиялды оңғара алмай.  
Арқалық, шаһар болдың сонда қандай?!  
...Екеуімізді мәңгіге тастап кеткен  
Сол бір ЖАСТЫҚ шынымен оңбаған ба, ай?!.

Дей тұра, адам сол уақыттардың өткенін ешқашан есінен шығармайды. Нақты бір уақыт кезеңінде тұрғандықтан өткеннің елесі ғана есіңізде болады. Бәлкім, адам жанының қартайғысы келмейтін аңсары ма, тағы түсіндіріп бере алмайтын бір тылсым ғой. Соны сезіп тұрып, сол кезеңдердің өткен мекенге барғанда, өтіп кеткен күндерінің бейнесі, сол кезеңдердегі сезім өне бойыңды қайта шарпигыңа ұқсайды.

Ондайда жаны ақын болмаса, көп ешкім селт ете қоймайтыны тағы түсінікті. Сондықтан ғой – Ертай ақынның «кірпігін ашып алған күндердің» тұтқынына айналып жүргені. Сондықтан ғой – оның табиғат атаулының тілін ұғып, жанының дірілін сезіп, бірге еміреніп, бірге төбіреніп, толқып тұрғаны.

Мынау қайың, мынау гүл, мынау майса,  
Тұрғандай болғысы кеп бодан маған.  
Кірпігін ашып алды сол бір күндер,  
Қайта ояңды, па, шіркін, сол арман – өн.

Ертай Ашықбаевтың табиғаттың әр белгісінен сыр іздеп, жауған қар, жаңбыр, келген құс, атқан таң, батқан күн, туған ай, соққан жел – бәріне өлеңдеп, бәріне қобалжитыны сол. Соның әрқайсына өлең жазса отырып, ақын оқырманға ұнасам демеуді. Өзінің сезімін ғана жазсам дейді. Күзді күтіп ап, айларды шығарып салады. Маусымды қарсы алып, жаңбырға сырын айтады. Табиғаттың әр құбылысы – оның сырласы, досы.

Ұнамайды ақ қар, мүлде кейпіңіз,  
Жауыңыз, мейлі, түтеңіз.  
Анық болса да гүлдемейтініміз,  
Гүл өсер шақты... күтеміз...

«Таңсық сөз, тамаша ұран іздемейтін» ақынның қарапайым құбылыстардан бейне іздеп, әуез тауып отырғаны өлеңнің тағы да таным актісі екенін көрсетеді. Қарапайым адам. Қарапайым ақын. Бірақ ақынды қоршаған орта ақынның өзі үшін түк те қарапайым емес. Оның үстіне «қарапайымдылықтың өзі қайсарлықпен сақталады» деуші еді Өбіш Кекілбайұлы Жүмеке

туралы мақаласында. Демек, Ертай Ашықбаев осы тұрған болмысын сақтау үшін де ізденеді екен. Тынымсыз күреседі екен. Ал немен күреседі? Сол дүниенің ғажайып жаратылысына, тылсым жұмбақтарына, нәзік сырларына, ғаламат сұлулығына тамсана алмайтын енжарлықпен күреседі. Оның жанына бататыны да сол сияқты. Адамның бәрі ақын сияқты әсершіл болсын демеуді. Бірақ пенде тоналған сезімдердің иесі болуы лайық емес қой. Ақынның бар ұмтылысы да сол – «сезгеніңді сездіру». Алайда ақын атаулы ол мұратына қашан жетті дейсіз. «...Жете алмадым ортаққа» деп Абайдың өзі қайғырған жоқ па? «Адамды адам түсіну бір ақыреттің» артында да осы уайым, осы өкініш жатқан жоқ па?! «Құпиясыз сыр», «Менің төзімім» өлеңдерінде жылт еткен сәулеге елеңдемейтін қоғамнан осынша сезімге бай Ашықбаевтың айналасынан өзіне ұқсас адам іздеп, алаңдауы да түсінікті сияқты.

\*\*\*

Мойынсұнып ережелерге,  
Көшеді керуен асықпай.  
Үңілмейді ешкім терезелерге  
Өлеңдердегі ғашықтай.

Жоқ неге сылқым шіркін бір ана,  
Қайда көңілі шат төре?  
Бұларсыз тіпті біртүрлі дала,  
Біртүрлі мына Ақтөбе.

\*\*\*

Өсер етпейді түк қайғы,  
Соншама сабыр сақтайды.  
Бұл неге мені ұқпайды,  
Неліктен мұңға батпайды?

Неліктен? Біз де ақынмен бірге соны түсінгіміз келеді. Поэзияның табиғатын терең түсінген В. Брюсов: «Алғашқы тілде сөздің үш элементі тірі болған: дыбыс, образ, ұғым. Бұрын адам сөздің дыбысын сезініп, образын қабылдап, мағынасын түсінген. Тіл дамыған сайын алғашқы екі элемент әлсірей бастады: қазіргі адам сөздің дыбысына мән бермейді, ішкі образын сезінбейді, сөздер біртіндеп тек ұғымдардың белгілеріне айналады. Ғылым осы процесі аяқтайды. Ал поэзия, керісінше, сөздің үш элементін қайта тірілтеді», – дейді. Бүгінгі технократтар деп дуылдап жүрген кезімізде, тіліміздің де бейнелі екенін өзіміз сезінбей қалғанда сөзді тек ұғымдардың белгісі ретінде, табиғат құбылыстарын жай заңдылық ретінде ғана қабылдайтын болыппыз. Айналасы бәрі әсерсіз. Елеңдемейді. Көңілденбейді. Ертай жалғыз сияқты. Тек ақын ғана сезінетіндей, сол ғана мән беретіндей. Бұтаққа қонған қар да ақын жүрегіне өлең боп кіріп, өлең боп ериді. «Шалқар көлі», «Көктемгі жапырақ», «Тұман. Жапырақ», «Бұлтар», «Алматыда қалған қыз», «Жауап» жырлары оқыңыз. Дүниеге ақын көзімен қарау мен қарамаудың парқын сезінер едіңіз. Мына әлемге бір өзі жауаптыдай сонша түңіліп, ренжунің астарында – жанына батқан дерт тұр емес пе? Өлең – соның қағазға түскен бейнесі. «...Өлең дейтін біреу бар, айтқанымды, өткізе алмай шаршадым сол залымға...» деп өзіне де сын көзімен қарайды. Ақталғандай болады. Адамдарға да, өзіне де сынмен қарайтын Ашықбаевтың жанын осы мақаламызда түсіне алдық па, жоқ па деп біз де күмәнданып қоямыз. Ақынның дүниені сезінуінде гәп жоқ, бізді қайдам... «Мен ақталдым басымда жоқ күнәдан» дейді. «Маған тіпті сөз келмейтін ұяттардан қызарам» деген Төлөгеннің сезіміне пара-пар сезім ғой.

Ашықбаевтың өлеңдерін оқып отырып, ең алдымен оның ақындық, адами болмысын түсінеді екенсіз. Өлеңдері арқылы әлеуметтік мәселелердің түп-төркінінде адам болмысының табиғатынан алыстап, тым селқос, тым төзімді болып бара жатқанында екенін ұғасыз. Сонда ақын жаны жасандылыққа қас екен. Оның өлеңдеріндегі форма, ізденіс сол қарсылықтың көрінісіндей.

Өз басым Ертай өлеңдерін оқығанда формасына, я өдісіне, техникасына мән бермеу керек деген ойдамын. Біз оның мәніне, мағынасына үңілейік.

Ең басты нәрсе, ақындық табиғатында. Мына өлемді нәзік сөзеді. Сол сезіміне сізді де ортақтастырғысы келеді. Өзімізді жоқ. Адамдығы басым. Оған бола ақынды формашыл екен деп қалмаңыз. Жұбанышысы деп ойламаңыз. Оның жұбанышы сол табиғаттың өзі, Ақтөбесі. Қала прозасы деп жатамыз ғой. Өлеңнен қаланы іздесек Ертайдың кітабын қолға алыңыз. Адам бірдеңеге қайғырса, бір нәрсеге уанады ғой. Ертай адамдардан таппаған жылылығын Ақтөбеден тапқандай.

\*\*\*

«Бұл қала – біздің қала, сіздің қала,  
Қараған кезге куә қызға ұрлана.  
Лебі бар дерт боп жеткен сыздың дара –  
Күмілжіп келді қанша Көктем байғұс,  
Күресіп енді қанша Күз бұлдана.  
Сонда да... біздің қала, біздің қала –  
Жауырды жаба тоқып, тізгіңді ала...  
Жақтасты қисыққа да, жақтанға да,  
Шығады кеудесінен ізгі үн ғана».

\*\*\*

«Шіркін, біздің Ақтөбенің түндері!  
Жай ұшады судыр-судыр қанаттар,  
Майсады шөйі көйлек бүрмелі.  
Майсады шөйі көйлек бүрмелі.  
Шолпан жұлдыз, о, телміріп тұрады –  
Ол-дағы бір адал көңіл құрбы еді,  
Егілмесін, төгілмесін, жүр бері.  
Уанады барша көңіл бұл жақта,  
Уа, бұл жақта өте төтті мұң лебі.  
...Ұқтыңыз ба, маған неге қадірлі  
Ақтөбенің үндемейтін түндері?!»

Ұқтық. Ұққанда қандай! Ашықбаевтың осы таным актілерінің (өлеңдерінің!), тұжырымдарының заңды жалғасы, қорытындысы – «Қобыландының қонысы» поэмасы. Ақынның өткен мен бүгінді салыстыру арқылы ішкі алаңы көрінеді. «Біздің аттың айтқаны» бөліміндегі «бөгденің көзқарасы», я «дауыссыздың дауысы» арқылы (антропоморфизм) әлеуметтік өзгерістерді көрсетеді, қазақ қоғамының жоғалған құндылықтарын жоқтайды. Оған бүгінгі тіршілік, болмыс – жат, бөтен көрінеді. Бұл тек әдіс емес, этикалық акт.

«Қобыландының қонысы» болған даланың байырғы мәдениеті, салтанаты, тұрғындарының қарым-қатынасы – бәрі өзгеріске ұшыраған. Ақын соны іздейді. Қамығады. Ондағы лирикалық кейіпкер – ақынның өз жаны. Поэма – ішкі дауысы, таным актісі. Аға, «...рас бізге көрсетпейтін мұңың бар».

**Бағатар ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ**

<p>Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.</p>	 <p>Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.</p> <p>Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.</p>	<p>Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1402 дана. Тапсырыс 612 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525</p> <p><b>«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.</b></p>
--	---	--

**ДӘСТҮРДІ ЖАЛҒАҒАН АУЫЛ КЕЛІНІ** МЕН ТУҒАН ТОПЫРАҚ - ЖАЙ ҒАНА АУЫЛ ЕМЕС, ТАРИХЫ ТЕРЕҢ, ЕҢБЕГІМЕН ЕЛІН АСЫРАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫҢ ІЗІ ҚАЛҒАН КИЕЛІ МЕКЕН. БҰЛ – АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН, АҚ ТАРЫНЫҢ АТАСЫ АТАНҒАН, ДАҢҚТЫ ТАРЫШЫ ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВ АТАМЫЗДЫҢ АУЫЛЫ.



Оның маңдай терімен өсірген тарысы ашаршылық пен соғыс жылдарында халыққа қорек болып, майдандағы сарбаздарға демеу болды. Елге вагон-вагон тары жөнелтіп, жұртқа тірек болған ердің есімі ұмытылмай, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келеді. Осындай жерде туып-өскенім - өз алдына үлкен мақтаныш. Быыл Шығанақ Берсиев атамның туғанына 145 жыл толып отыр. Бұл – ел көлемінде атап өтер маңызды дата. Осы мерейтойды лайықты деңгейде ұйымдастырып, еңбек адамының ерлігін жас ұрпаққа кеңінен насихаттау мақсатында аудан, облыс әкімдері тарапынан қолдау көрсетіліп, ауқымды іс-шаралар өткізілсе деген ұсынысымыз бар. Бүгінде сол игі дәстүр, адал еңбек жалғасын тауып жатқаны қуантады. Бүгінгі таңда сол қасиетті кәсіпті жалғап жүрген еңбек адамдарының бірі – Кеңияқ өңірінің тумасы, осы елдің келіні Әсем Аранжанова. Ол-жай ғана кәсіп иесі емес ата-бабадан қалған аманатты аркалап жүрген жан. Тары қуыру- сырт көзге оңай көрінгенімен, үлкен төзімділік пен табандылықты қажет ететін ауыр жұмыс. Тарыны

қайнатып, сүзіп кептіріп, бабын келтіріп қуырудың өзі ұзақ уақыт пен маңдай терді талап етеді. Соған қарамастан, Әсем жыл он екі ай тынымсыз еңбек етіп, адал еңбегімен нәпақасын тауып отыр. Оның қолынан шыққан өнім бүгінде ауыл, аудан, қала тұрғындары арасында сұранысқа ие. Тіпті өткен жылы «Ақтөбе» телеарнасы арнайы келіп, еңбегін көпшілікке таныстырды. Бұл – қарапайым еңбек адамына берілген лайықты баға. Ал оның өмірлік серігі Саламат Әбішев те – еңбекқор жан. Қыстың қақаған аязында өзен мұзына шығып, қамыс орып, оны тұрмысқа қажетті бұйымға айналдырады. Оның еңбегі де ауыл тұрғындары үшін аса маңызды. Осындай еңбек адамдары – елдің шынайы тірегі. Күнделікті адал еңбегімен қоғамға пайдасын тигізіп жүрген жандардың ісі әрдайым құрметке лайық. Олардың еңбегі еленіп, кейінгі ұрпаққа үлгі бола берсе – бұл ел болашағы үшін үлкен игілік.

**Рақима САҒАТОВА,**  
Берсиев ауылдық модельді кітапханасының кітапханашысы.

**ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ҰЛЫҚТАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ДОДА**  
1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІНЕ ОРАЙ ЖӨНЕ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ БАТЫРЫ, «ДАҢҚ» ОРДЕНІНІҢ ТОЛЫҚ ИЕГЕРІ ШҮКІР ЕРКІНОВТИҢ ЖҮЛДЕСІНЕ АРНАЛҒАН ЕРЕСЕКТЕР АРАСЫНДА АСЫҚ АТУ ЖӨНЕ БЕС АСЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН АУДАН БІРІНШІЛІГІ ӨТТІ.



Тартысты өткен жарыста қатысушылар мергендік пен ептіліктің үздік үлгісін көрсетіп, ұлттық ойындардың маңызын айқындай түсті. Бес асық бойынша Алғыс хат Айдана Болатова мен Бибігүл Сұлтанбаеваға табысталды. I орын Салтанат Кабиеваға бұйырса, II орынды Альбина Қондыбаева еншілесе, III орын Толқын Тумышеваға ти-

есілі болды. Ал, асық ату сайысында Алғыс хат Самғат Майлановқа берілді. Бас жүлде мен ауыспалы кубокты Ерболат Сырлыбаев жеңіп алса, II орын Нұрлыжан Мұқашевке, III орын Рүстем Бақсықовқа бұйырды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы грамота, медаль және кубоктармен марапатталды.

**БЕРЕКЕ БАСТАУЫ - БІРЛІК**

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА КЕҢ КӨЛЕМДЕ АТАЛЫП ӨТТІ. АЙТУЛЫ МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ «ЕҢБЕКПЕН ӨРКЕНДЕГЕН ЕЛ, ЕҢСЕСІ БИИК ЕЛ» АТТЫ МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ІС-ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНА ЕРЕКШЕ РУХАНИ СЕРПИЛІС СҮЙЛАДЫ.

Мерекелік шара «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» атындағы орталық саябақта өтті. Ел ішіндегі татулық пен тұрақтылықты, қоғамдық келісім мен өзара сыйластықты насихаттауға бағытталған кештің шымылдығы балалар хорының әсем әнімен түріліп, ұлттық нақыштағы би қойылымдарымен жалғасты. Әсем әуен мен көркем би көріністері көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Іс-шара барысында аудан әкімі Асқар Қазыбаев сөз сөйлеп, тұрғындарды мерекелен құттықтады. Ол өз сөзінде ел бірлігі мен ынтымағы – мемлекетіміздің дамуы мен тұрақтылығының басты тірегі екенін атап өтіп, татулықты ту еткен халқымыздың

әрдайым биік белестерден көріне беретініне сенім білдірді. Мерекелік бағдарлама мазмұнды әрі тартымды өтті. Ұлттық спорт түрлерінен көрсетілімдер ұйымдастырылып, қолөнер шеберлерінің көрмесі көпшілік назарына ұсынылды. Сонымен қатар аудан өнерпаздары мен шығармашылық ұжымдар сахна төрінде өнер көрсетіп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Бірлік күні – көпұлтты еліміздің ынтымағы мен достығын айшықтайтын маңызды мереке. Бұл күн әрбір азаматтың жүрегіне мақтаныш сезімін ұялатып, елге деген сүйіспеншілігін арттыра түседі. Бірлігі бекем, берекесі мол елдің келешегі де кемел болары анық.



**БАЛАЛАРДЫҢ ОТПЕН ОЙНАУЫНА ЖОЛ БЕРМЕЙК!**

Балалардың отпен ойнауы жиі өрттің шығуына себеп болады. Мұндай өрттер балалардың отпен абайлап жұмыс істеу дағдыларының болмауынан, ересектердің олардың ерекеттерін жеткілікті бақылауынан, ал кейбір жағдайларда ата-аналардың балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыра алмауынан туындайды. Отпен ойнаудың салдары қайғылы жағдайға соқтыруы мүмкін. Үйде ересектердің қарауынсыз қалған балалар өздеріне ермек іздейді. Көздеріне түскен сіріңке мен оттық өрттің шығуына себеп болуы мүмкін. Өрттің заттарды жағып көру арқылы тәжірибе жасағысы келуі, ашық отпен жұмыс істеу дағдыларының болмауы әдетте балалардың өздері үшін де, айналасындағылар үшін де қайғылы жағдайларға әкеледі.

**Құрметті ата-аналар!**

Балалардың отпен ойнауы мәселесі өте өзекті. Ең басты міндет – ықтимал қайғылы жағдайдың алдын алу, балаға жақын болып, әрқашан бір қадам алда жүру. Біздің ортақ күш-жігеріміз балалармен күнделікті профилактикалық жұмыс жүргізуге бағытталуы тиіс. Бұл өрттер мен балалардың

қатысуымен болатын басқа да оқиғалардың санын мүмкіндігінше азайтуға, жарақаттар мен жазатайым жағдайлардың алдын алуға көмектеседі. Балаларға жаман үлгі көрсетпеңіздер: олардың көзінше темекі шекпеңіздер, қараңғы бөлмелерді жарықтандыру үшін қағаз жақпаңыздар. Сіріңкені балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыздар. Ешқашан үйде ақаулы немесе қолдан жасалған электр құралдарын ұстамаңыздар! Балалардың көп жағдайда ата-анасына еліктейтінін ұмытпаңыздар. Сондықтан өздеріңіз де отпен жұмыс істеуде аса сақ болыңыздар және балаларға отпен ойнаудың қаншалықты қауіпті екенін түсіндіріңіздер. Қарасусыз қалған бала байқамай өрттің шығуына себеп болуы мүмкін екенін естен шығармаңыздар. Естеріңізде болсын, балаларыңыздың өмірі сіздерге байланысты! Өрттің алғашқы белгілері (күйік иісі, түтін) байқалған жағдайда дереу 101 немесе 112 нөмірлеріне хабарласыңыздар. Мекенжайды, өрт шыққан орынды, өзіңіздің аты-жөніңізді және телефон нөміріңізді анық әрі нақты айтыңыздар.

**БАЛАЛАРДЫҢ ОТПЕН ОЙНЫНАН БОЛАТЫН ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ**

**ЖАУАПҚЕРШІЛІКТІ АТА-АНАЛАР**

- кішкентайларды қараусыз қалдырмайды
- балаларға қауіпті ойындардың салдары туралы түсіндіреді
- сіріңке мен оттықтарды балалардың қолына тигізбейді
- балаларды отпен жұмыс істеуге уақтылы үйретеді
- өз бетінше от жағуға және химиялық текірікпендер жасауға рұқсат бермейді
- мерекелерде балалардың карнавалдық костюмдерін отқа төзімді композициямен өңдейді; шамдар, отпашулар, бенгаль шамдарын анасы немесе әкесі қасында болғанда ғана пайдалануға рұқсат береді

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ

**«АҚТӨБЕ — ТАРЫНЫҢ АСТАНАСЫ»**

24 МАМЫР КҮНІ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ ДӨМ МЕН ДӘСТҮРГЕ ТОЛЫ МЕРЕКЕ ОРТАСЫНА АЙНАЛАДЫ. ҚАЛАДАҒЫ «АСТАНА» САЯБАҒЫНДА «АҚТӨБЕ – ТАРЫНЫҢ АСТАНАСЫ» АТТЫ АУҚЫМДЫ ГАСТРОФЕСТИВАЛЬ ӨТЕДІ.



Келуші қонақтарды таңғы 11:00-ден бастап ұлттық рух пен хош иіске толы атмосфера күтпек. Күн бойы жалғасатын мереке кешкі 17:00-ге дейін Ақтөбенің аграрлық дәстүрі мен заманауи гастрономиялық мүмкіндігін тоғыстырады. Сонымен қатар, «Әнім сенсің – Ақтөбе» этнофестивалі де мерекенің көркіне аша түседі. Фестиваль алаңында тарыдан әзірленген 50-ден астам тағам түрі ұсынылады. Дәстүрлі ұлттық ас мәзірі жәрмеңкесі, шоколадты жент дайындау шеберлік сағаттары, ыстық бауырсақ пен самаурын шайының хош иісі – бәрі де келген қонаққа ерекше әсер сыйлайды.

Ойыл ауданының шеберлері тарыны өңдеудің көне тәсілдерін көзбен көріп, қолмен сезінуге мүмкіндік береді. Ал қолөнер шеберлерінің бұйымдары – тері, киіз, ағаш, жүн және зергерлік өнердің заманауи үйлесімін көрсететін нағыз мәдени көрме болмақ. Сондай-ақ, фестиваль аясында «Ақтөбе – тарының астанасы» атты ашық дөңгелек үстел өтеді. Мұнда сала мамандары мен сарапшылар тары өсіру дәстүрін жаңғырту, оның тағамдық құндылығын кеңінен насихаттау және өңірдің аграрлық-гастрономиялық әлеуетін дамыту бағыттарын талқылайды.

**МУЗЕЙ БАРШАҒА ОРТАҚ:**

**ОЙЫЛДА ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР ЖАСАЛДЫ**  
Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ ОЙЫЛ АУДАНЫҚ ӨНЕР ЖӨНЕ ӨЛКЕ ТАРИХЫ МУЗЕЙІНДЕ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ БАҒЫТЫНДА МАҢЫЗДЫ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛДЫ.



Бүгінде музей келушілерге тек мәдени-танымдық орын ғана емес, баршаға тең мүмкіндіктер ұсынатын ашық кеңістікке айналып келеді. Атап айтқанда, музей аумағында арнайы автотұрақ қарастырылып, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған белгі орнатылған. Ғимаратқа дейін және ішкі бағыттарда тактильді жол тақталары төселіп, көру қабілеті төмен азаматтардың еркін бағдар алуына жағдай жасалған. Музей ғимаратының кіреберісіне арнайы пандустар орнатылып, келушілердің еркін кіріп-шығуына мүмкіндік жасалды. Сонымен қатар, көру қабілеті төмен азаматтарға арналған арнайы ақпараттық тақтайшалар қойылып, ғимаратқа кіреберіс тұсына көмек шақыру батырмасы орнатылды. Әрбір бағытта қолмен ұстап сезуге

болатын көрсеткіштер орнатылған. Музей ішіндегі әр бөлменің есіктеріне де тактильді ақпараттық тақтайшалар қойылып, келушілерге экспозициялар туралы мәліметті оңай табуға мүмкіндік берілген. Сонымен қатар, музейдің екінші қабатына көтерілу үшін арнайы мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған арба (инвалид коляскасы) қарастырылған. Бұл шешім барлық экспозицияны еш кедергісіз тамашалауға жағдай жасайды. Осылайша, Ойыл аудандық музейі инклюзивтілік қағидаттарын нақты іске асырып, әрбір азаматтың мәдениет пен тарихқа тең қолжетімді болуына үлес қосып отыр. Енді музейге келген әрбір тұрғын мен қонақ мәдени ошаққа еркін кіріп, тарихи жәдігерлермен танысу мүмкіндігіне ие бола-

Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің мұғалімі Әбдібаева Ырысгүл Нысанқұлқызына анасы **Жұмағазықызы Даражаның** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.